

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»
пәні бойынша
«Азаматтық іс жүргізуге қатысушы тұлғалар»
тақырыбында әзірленген**

ДӘРІСІ

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «__» _____ №__ хаттама.**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Азаматтық іс жүргізудегі тараптардың ұғымы.
2. Процессуалдық бірігіп қатысушылық және оның ерекшеліктері. Тиісті емес жауапкердің ұғымы.
3. Азаматтық іс жіргізудегі ішінші тұлсалардың ұсымы
4. Прокурордың және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы органдардың азаматтық іс жүргізуге қатысуы

Қорытынды

Қолданылған нормативтік-құқықтық актілер мен әдебиеттер.

Кіріспе

Азаматтық процесс — бұл сот пен процеске қатысушылар арасындағы құқықтық қатынастардың күрделі жүйесі, әрқайсысы азаматтық іс жүргізу құқығының белгілі бір нормаларының негізінде пайда болады. Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарының міндетті субъектілері: бір тараптан — сот, екінші тараптан процеске қатысушылар болып есептеледі.

Азаматтық іс жүргізуге тек Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары ғана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасының соттарында құқық туралы даулар қаралуға тиіс болса шетелдік құқық субъектілері де (шетелдіктер азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелдік заңды тұлғалар), халықаралық ұйымдар) тараптар болуы мүмкін. Азаматтық процеске бірнеше тараптар мен бірнеше қатысушылар қатыса алады.

Азаматтық іс жүргізудегі тараптар іске қатысушы тұлғалар қатарына жатады. (АПК-нің 44-бабы). Жеке тұлға болсын, заңды тұлға болсын (кәсіпорын, мекеме, ұйымдар) өздеріне келтірілген зиянды сот арқылы өндіріп алуға хақысы бар.

Азаматтық процесс азаматтық істі қарау және шешу кезінде сот пен басқа да субъектілер арасында қалыптасатын іс жүргізу құқық қатынастары пайда болуының, дамуы мен тоқтатылуының жүйелі тәртібі болып табылады. Азаматтық істердің көпшілігі талап істер жүргізу ережелері бойынша қаралады. Олар сотта талап арыз беру арқылы қозғалады, оларға құқық туралы даудың болуы тән, сот қарауының мәселесі даулы құқық қатынасы, дауласушы тараптардың қатысуы болып табылады. Соттар талап істерден басқа конституциялық және әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын істерді, сондай-ақ ерекше сипатта жүргізілетін істерді қарайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығы құқықтың басқа салаларымен, әсіресе материалдық салаларымен тығыз байланысты. Онда анықтау нысанасын, істің сотқа қарастылығын анықтайтын азаматтық іс жүргізу сипатындағы нормалар болады. Сот іс бойынша шешім шығаратын кезде даулы құқық қатынастарын реттейтін материалдық құқық нормаларын қолданады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы қылмыстық іс жүргізу құқығымен тығыз байланысты, өйткені екі сала да сот әділдігін жүзеге асыру жөніндегі сот қызметінің тәртібін белгілейді. Олардың арасындағы ұқсастық көптеген іс жүргізу сатыларындағы іс жүргізу нысанында болып табылады. Олардың арасында айырмашылық та бар. Қылмыстық іс жүргізу құқығы соттың ғана емес, сонымен қатар алдын ала тергеу органдарының да қызметін қамтиды. Құқықтың бұл саласын реттеу мәселесінде де айырма бар.

Аталған қор дәрісі азаматтық іс жүргізудегі тараптардың ұғымы, процессуалдық бірігіп қатысушылық және оның ерекшеліктері. Тиісті емес жауапкердің ұғымы, азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалардың ұғымы, прокурордың және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы органдардың азаматтық іс жүргізуге қатысуы сұрақтарына арналып отыр.

1. Азаматтық іс жүргізудегі тараптардың ұғымы.

Азаматтық іс жүргізуге қатысушы тұлға, онда белгілі бір құқықтық жағдайға иеленеді. Іске қатысушының процессуалдық мәртебесі дұрыс анықталмауы сот қателігі деп есептеледі. Бұл өз алдына соттың заңсыз актіні шығаруына соқтырады¹.

Тараптарсыз ешбір сот болмайтындығы баршаға мәлім. Осыған орайда олардың процессуалдық мәртебесін оқып білуге аса назар аударылады.

Азаматтық іс жүргізудегі тараптар деп – соттың олардың арасындағы материалдық-құқықтық дауда шешу үшін іс жүргізуге қатысатындарды айтамыз. Тараптардың процессуалдық мәртебесінің дұрыс анықтамасы туралы түсінік сот барысында сот әділеттілігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ҚР АПК 44 бабына сәйкес азаматтық іске қатысушылардың құрамын мына тұлғалар қамтиды:

- дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар;
- дау нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар;
- прокурор;
- мемлекеттік органдар;
- жергілікті өзін өзі басқару органдары;
- ұйымдар;
- ҚР АПК 56 және 57 баптарында көзделген негіздер бойынша процеске қатысатын жекелеген азаматтар;
- сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен мүдделі адамдар.

Дауға салынған материалдық құқықтық қатынас нақты азаматтық іс бойынша процестің объектісі, ал іске қатысушы тараптар оның субъектілері болады.

Іске қатысушы тараптарға тән елеулі белгілер орын алған:

1. тараптардың атынан азаматтық іс қозғалады. Мұның тәжірибелік маңызы бар, себебі заң тараптардың арасындағы дау жөнінде, сол мәселе туралы және нақ сол негіздер бойынша шығарылған соттың заңды күшіне енген шешім болған жағдайда арызды қабылдауға тыйым салады (ҚР АПК 153 б. 1 тармағының 2 тармақшасы).

2. тараптардың арасындағы қатынастар ресми даулы мінезде болады. Соттың мақсаты бұл қатынастарды реттеу болып табылады.

3. сотпен процессуалдық құқық қатынастарға түсе отырып, тараптардың әрқайсысы соттың оның пайдасына шешім шығаратынына мүдделі.

З.Х Баймолдинаның пікірі бойынша тараптарға келесі белгілер тән болып келеді:

- істің нәтижесіне заңгерлік қызығушылық бар;
- процеске өз атынан және өздерінің мүдделерін қоюға үшін қатысады;
- өкімдік ету әрекеттерін жасауға құқықтары бар;

¹Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Том 1. Общая часть. Учебник. Алматы: КазГЮА. 2001.-416 с.

- сот шешімінің және (немесе) іс бойынша өндірісті тоқтату туралы ұйғарымның заңды күшінің ықпалына түседі;
- заңмен бекітілген көлемдегі процессуалдық құқықтар мен міндеттерге иеленген.

Азаматтық іс жүргізу бойынша негізгі қатысушылар болып мыналар танылады: талапкер мен жауапкер. Себебі, бұлардың қатысуынсыз істі жүргізу мүмкін емес.

Өз мүдделерін немесе талап қойылған мүдделерді сотқа талап арызды беру арқылы қорғайтын, сотқа жолданушы тұлға *талапкер* деп танылады.

Жауапкер – өздеріне қуным талабы қойылған тұлға.

Талапкер мен жауапкер ретінде мыналар бола алады:

- ҚР азаматы;
- шет елдерінің азаматы;
- азаматтығы жоқ адамдар;
- заңды тұлғалар (мекемелер, ұйымдар, және кәсіпорындар);
- заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар;
- мемлекет.

«Талапкер» деген сөздің тамыры талап ету, қорғау, сұрау дегеннен шыққан. әдетте талапкерді және жауапкерді тараптар деп таниды. Себебі, талапкердің заңды құқығын және мүдделерін қорғау бойынша азаматтық іс жүргізу ұйымдастырылады. Дегенмен барлық кезде талапкердің талап арызы бойынша азаматтық іс жүргізілмейді.

Басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, сонымен қатар қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін мемлекеттік органдар және жергілікті өзін өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жекелеген азаматтар сотқа талап қойып жүгіне алады (ҚР АПК 8 б. 1 және 2 б., 55 б. 3 б., 56 б. 1 б.).

Мұндай қорытынды жасауымыз ҚР АПК 48 бабының 3 тармағынан туындап отыр, онда келесі норма бекітілген: «Басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге заң бойынша құқығы бар адамдардың өтініші бойынша мүдделері қозғалып іс басталған адамға сот пайда болған процесс туралы хабарлайды және ол адам сотқа талап қоюшы ретінде қатысады». Бұл принципте келесі нормаларға сүйенеді: егер талап қоюшы прокурор мәлімдеген талапты қолдамаса, егер үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қозғалмаса, онда сот талап қоюды (арызды) қараусыз қалдырады (ҚР АПК 55 б. 4 б.); заңмен көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар және жергілікті өзін өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жекелеген азаматтар олардың өтінуімен басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, сол сияқты қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін талап қойып сотқа жүгіне алады (ҚР АПК 56 б. 1 және 2 б.).

Азаматтық іс жүргізу құқық қабілеттілігі – бұл, азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттеріне ие болу қабілеттілігі (материалдық құқық

субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін бірдей дәрежеде танылады).

Азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттілігі дегеніміз – сотта құқықтарын өз іс-әрекеттерімен жүзеге асыру және міндеттерін орындау, іс жүргізуді өкілге тапсыру қабілеттілігі.

Азаматтық іс жүргізу әрекет қабілеттілігіне он сегіз жасқа толған азаматтар мен ұйымдар толық көлемде иеленеді.

Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың сондай-ақ әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері қорғайды, алайда сот мұндай істерге кәмелетке толмағандардың немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған азаматтардың өздерін тартуға міндетті.

Талап арыз, процесте өз атынан және өкілеттіліктері бар өкілдік етіп отырған тұлғаның атынан әрекет етуші өкілмен қол қойылуы және сотқа берілуі мүмкін (58, 63. б., 150 б. 5 б.). өзінің әрекет қабілеттілігі бар-жоғына қарамай азаматтар істе тарап бола алады. Талапкердің мүддесін сотта қорғайтын процесте оның өкілі болады.

Азаматтық істің тараптары ретінде Қазақстан Республикасының азаматтарымен қатар шетелдік тұлғалар да (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар) бола алады (14 тақырыпты қараңыздар).

Процесте заңға сәйкес заңды тұлға болып табылмайтын ұйымдар да тарап бола алады (ҚР АПК 48 б. 2 б.).

Сонымен бірге, процесте тарап ретінде мемлекетте болатындығын атап өту қажет (ҚР АПК 48 б. 4 б.). Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамамен реттелетін қатынастарға тең құқықта түсе алады (ҚР АҚ 111 б. 1 т.).

Іске қатысушы тұлғалар тарап ретінде құқықтар мен міндеттерге иеленеді (ҚР АПК 47 б.): іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысушы басқа адамдарға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтінім жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысушы басқа тұлғалардың өтінімдері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге; сот жарыссөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға; азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда берілген басқа да іс жүргізу құқықтарын пайдалану құқықтары.

Бірақтата тараптар азаматтық-құқықтық даудың субъектісі ретінде өздеріне ғана тән процессуалдық құқықтар мен міндеттерге ие (ҚР АПК 49 б. 1 т.).

2. Процессуалдық бірігіп қатысушылық және оның ерекшеліктері. Тиісті емес жауапкердің ұғымы.

Кейбір жағдайларда даулы материалдық құқық қатынастарға қатысатын субъектілер көп болуы да ықтимал. Бұндай жағдайларда талапкердің де, жауапкердің де жақтарында бірнеше адам қатысады. Мысалы: құрылысшылар бригадасы азамат Бахметовқа пәтерін жөндеп бергені үшін келісілген ақшаны деп кезінде ала алмады, бригадағы құрылысшылар ортақ талап арызын беру арқылы тортақ талапкер бола алады. Немесе керісінше: осы құрылысшылар өз міндеттерін дер кезінде орындамағандықтарына байланысты Бахметов оларға қатысты сотқа талап арыз беріп жүгінеді, мұнда құрылысшылар ортақ жауапкерлер ретінде болады.

Яғни, заң талап арызды бірнеше талапкер немесе бірнеше жауапкерге берілетіндігін көрсетіп отыр.

Азаматтық істе талапкер мен жауапкер жағында бірнеше адам қатысса, оны процессуалдық бірігіп қатысушылық деп атайды. Бір істің ішіне бірнеше талапты біріктіру олардың бір уақытта қаралуына мүмкіндік береді. Бұл өз алдына іс бойынша шешім шығаруды тездетеді.

Заң іске бірнеше талап қоюшының немесе жауапкердің қатысуы жөнінде былай деп атап өткен – «Талапты бірнеше талап қоюшы бірлесіп қоюы немесе оның бірнеше жауапкерге қойылуы мүмкін» (ҚР АПК 50 б.).

ҚР АПК 50-бабына сәйкес бірігіп қатысушылықтың келесі белгілері бар:

1. іске қатысушы тараптардың әрбірінде бірнеше тұлғалардың болуы (талап бірнеше талапкермен немесе бірнеше жауапкерге қойылуы мүмкін);
2. іске бірігіп қатысушылардың әрбірінің дербестігі (талапкерлердің немесе жауапкерлердің әрбірі басқа тарапқа қатысты іске дербес қатысады).

Азаматтық іс жүргізу құқығында бірігіп қатысушылықтың басқа да белгілер бар екендігін атап өткіміз келеді, бұлар:

1. бірігіп қатысушылар – бұлар әрдайымда даулы материалдық құқықтық қатынастың субъектілері. Осы белгіге орай бірігіп қатысушы талапкерлер дербес талап қоймайтын үшінші тұлғалардан, ал бірігіп қатысушы жауапкерлер тиісті емес жауапкерлерден ажыратылады;

2. ортақ талапкерлердің талап ету құқығы және ортақ жауапкерлердің осы талап бойынша жауап беру міндеттері өз ара мойындалады.

3. бір жақтағы бірігіп қатысушылардың мүдделерінің, қарсы жақтағы бірігіп қатысушылардың мүдделеріне қарағанда ортақтығы.

Бірігіп қатысушылықтың пайда болу негіздері:

1. даудың пәні болып ортақ құқы мен міндеттеме танылады: жалпы меншік құқығы; авторлық құқы және т.б.

2. талап беру құқығы бір негізден туындайды (мысалы, бірнеше тұлғалардың бірігіп зиян келтірулері).

3. талаптар бір текті, бірақта негіздері мен пәні қарай айырмашылықтары болса да.

Бірігіп қатысушылықты ажыратуда келесі негіздерге сүйене отыра жүзеге асыра аламыз. Бірінішіден, тараптардың қай жағында көп тұлғалар бар

екендігіне орай оларды белсенді, пасивті және аралас бірігіп қатысушылыққа ажарытады. Екіншіден істі ортақ қатысушылардың қатысу мүмкіндігінің бар жоқтығына орай қажетті (міндетті) және факультативті (міндетті емес) бірігіп қатысушылық деп ажаратады.

Белсенді бірігіп қатысушылықта талапкер болып бірнеше тұлғалар танылады, ал жауапкер жағында бір тұлға.

Талапкер болып бір тұлға, жауапкер болып бірнеше тұлғалар іске қатысса мұны пасивті бірігіп қатысушылық деп атайды.

Ал екі жақта бірнеше тұлғалар болатын болса, онда мұндай бірігіп қатысушылықты аралас деп атайды.

Міндетті бірігіп қатысушылық – бұл, іс жүргізуге іске ортақ қатысушылардың барлығы қатысуы міндетті болатын жағдайлар.

Факультативті бірігіп қатысушылық – іс жүргізуге іске ортақ қатысушылардың барлығы қатыспай-ақ, біреуінің қатысуы.

Тиісті емес жауапкердің ұғымы.

ҚР АПК 8 бабына сәйкес әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін заңнамамен белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

Бұл дегеніміз заңға сәйкес тек мүдделі тұлғалар, сонымен бірге басқалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы бар тұлғалар сотқа жүгіне алатындығы.

Азаматтық істі қозғау үшін көбіне талапкердің өзінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы жөнінде талап арызды берудің өзі жеткілікті, бірақта кей істер бойынша талапкер бола алатын тұлғалардың шеңбері анықталуы тиіс (мысалы, некені бұзу туралы, ата-ана құқығынан айыру және т.б.). бұл арада сот тек ауысша берілген түсініктемемен шектелмейді, оған тұлғаның осы категориялы істер бойынша талапкер бола алатындығы жөнінде дәлелдемелер талап етіледі.

Бұл мәселе жауапкерге де қатысты. Бастапқыда сот үшін жауапқа тартылатын тұлға талапкердің құқықтарын бұзғандығы жөнінде көрсетудің өзі жеткілікті. Бірақта кей жағдайларда жауапкер болатын тұлғалардың шеңбері заңмен белгіленген. Осындай жағдайларда талапкердің құқықтарын бұзғандығына орай жауапқа тартылатын тұлға осы категориялы материалдық құқықтық қатынасты даулардың тарабы болатындығын дәлелдейтін қосымша дәлелдемелер талап етіледі.

Себебі процесс барысында іс бойынша жауапкер болып тартылған тұлға емес, керісінше жауапкер ретінде танылмаған тұлға жауап беретіндігі анықталуы мүмкін. Осыған орай, заңсыз жауапкер болып танылған тұлға заң бойынша *тиісті емес жауапкер* деп аталады.

Істегі тараптардың қатысуын негіздейдін дәлелдемелерді сотқа ұсынуды *легитимация* ((*legitimus* латын сөзі) заңдылығын, құқыққа сайлығын мойындау) деп атайды. Герман құқығында аталмыш термин талапкер ретінде танылған тұлға тиісті талапкер екендігін, ал жауапкер – тиісті жауапкер екендігін дәлелдеу үшін қолданылған. Сол себепті, Е.А. Нефедьевтің пікірі бойынша

талапкер талап қоюға негізі бар екендігін дәлелдей отыра, нақты жауапкерге қарсы талапты дұрыс қойғандығын дәлелдейді². Бұл дегеніміз, талапкер рентінде танылған тұлға өзінің талабының негізділігін дәлелдей отыра өзін процесте легитимиялайды³.

Сот істі дайындталап арызда даулы материалдық құқықтық қатынастың барлық фактілері мен жағдайларын көрсете отыра, талапкер сотты нақты өзі және оның көрсетіп отырған жауапкер азаматтық істің тиісті қатысушылары екендігін сендіреді. Сөйтіп, легитимация – бұл, белгілі бір тұлғаның процесте тарап болуға құқығы бар екендігін мойындау⁴.

Сөйтіп, *тиісті емес тарап* (талап қоюшы мен жауапкер) – нақты іс бойынша азаматтық іс жүргізудің нағыз қатысушысы емес, яғни даулы құқық қатынасының субъектісі болуы мүмкін деген болжау іс материалдары бойынша жоққа шығарылатын тарап⁵.

Азаматтық іс жүргізу құқығында тиісті емес тарап деген түсінік тек жауапкерге қатысты қолданылады.

ҚР АПК 51 бабына сәйкес тиісті емес жауапкер тиістісімен келесі жағдайларда ауыстыралады:

1. сотпен істі дайындау үстінде немесе сот процесі барысында анықталса;

2. талап қоюшының тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкермен ауыстыру жөнінде өтініші түскен кезде.

Тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкермен ауыстыру тек талапкердің келісімімен ғана жүзеге асырылады. Егер талапкер ауыстыруға келісімін бермесе, онда сот істі ұсынылған талап қою бойынша қарайды (ҚР АПК 51 б. 2 т.).

Тиісті емес жауапкер тиістісімен ауыстырылса, онда істі қарау басынан басталады.

²Нефедьев Е.А. Учение об иске. Вып.1. – Казань,1895.

³Баймолдина З.Х. көрсетілген еңбек. 143 б.

⁴Викунт М.А. Предпосылки права на участие в гражданском процессе // Правоведение №3,1967.

⁵Ильсцова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. (Жалпы бөлім). Оқу құралы. – Қарағанды: «САНАТ-Полиграфия», 2006. 45 б.

3. Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалардың ұғымы

Азаматтық іс жүргізу құқығының және азаматтық іс жүргізудің құқықтық қатынастарының субъектілері ретінде азаматтар мен ұйымдар танылады. Олар азаматтық іс жүргізуге қатыса отыра процестің нақты субъектілеріне айналады, яғни талапкер, жауапкер, куәгерлер, сарапшылар және т.б. болады.

Азаматтық іс жүргізу бойынша қарастырылатын істер көп қырлы болып келеді. Мысалға кейде процесте тек талапкер мен жауапкердің қатысуы жеткіліксіз, себебі іс бойынша талқыланатын фактілер және басқа да жағдайлар басқа тұлғалардың құқықтар мен заңды мүдделерін қамтулары мүмкін.

Азаматтық істі шешуге талапкердің және жауапкердің мүдделерін қайшы келетін тұлғаларда қызығушылық танытулары мүмкін.

Мысалға, өсиет бойынша мұрагерлердің дауларын қарастырып жатқан сотқа заң бойынша мұрагерлердің біреуінен өсиетті заңсыз деп тану туралы арыз түсуі мүмкін.

«Үшінші тұлғалар» ұғымы ҚР АПК 44 бабына сәйкес азаматтық іске қатысушы тұлғалардың құрамына кіретін қатысушыларды қамтиды. Олар басқа қатысушылар ретінде келесі белгілерге ие:

- оларда істің шешіміне заңгерлік қызығушылық бар;
- процеске өз атынан қатысады;
- процестің пайда болуына, өзгеруіне және тоқтатылуы соқтыратын әрекеттерді жүзеге асырады;
- заңды күшіне енген соттың шешімінің немесе іс бойынша өндірісті тоқтату туралы ұйғарымның ықпалына түседі.

Сол себепті де, құқы туралы дауды шешу барысында тараптармен қатар үшінші тұлғалардың материалдық-құқықтық мүдделеріде ықпалға түседі.

Азаматтық іс жүргізу құқығындағы үшінші тұлғалар дегеніміз – өздерінің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін сотта қозғалған іске қатысатын тұлғалар⁶.

Азаматтық іс жүргізуге қатысу мақсатына орай үшінші тұлғалар келесі екі түрге ажыратылады:

1. даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар (ҚР АПК 52 б.);

2. даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар (ҚР АПК 53 б.).

Дербес талаптарын мәлімдейтіндігіне не мәлімдемейтіндігіне қарамай үшінші тұлғаларға келесі белгілер тән:

1. олар, басқа тұлғалардың арасында құқы туралы дау бойынша басталған процеске қатысады;

2. олар өздерінің құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғайды;

⁶Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Том 1. Общая часть. Учебник. Алматы: КазГЮА. 2001.-416 с.


3. іс бойынша соттың шешімі олардың құқықтарына және заңды мүдделеріне немесе міндеттеріне ықпал беруі мүмкін.

Бірақта, осы үшінші тұлғалардың екі түрі арасында ұқсастықтан көрі айырмашылықтар басымырақ. Т.Е. Абова пайымдауы бойынша азаматтық процеске қатысушы үшінші тұлғалардың белгілі бір нысанында олардың процессуалдық құқықтары мен міндеттерін негіздейтін өзіндік ерекшеліктер көп⁷. Сол себептіде олар өздерінің процессуалдық жағдайларына орай ерекшеленеді.

Дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар – талапкерге де және жауапкерге де талап қою арқылы басталған процеске қатысатын тұлға. Олар талапкерге қатысты барлық құқықтар мен міндеттерге иеленеді. Негізгі талапкерден айырмашылығы басталған процеске қатысуы⁸, ол «бөгде» процеске «баса көктеп кіруі»⁹. Ол бірлескен талапкерлерден дербес талаптарды мәлімдейтін үшінші тұлға мүддесінің қарама-қайшылығымен ерекшеленеді. Үшінші тұлғаның да және талапкердің де талаптарының пәні бір болуына қарамай сот олардың біреуінің ғана мүддесін немесе жауапкердің мүддесін қанағаттандырады.

Даудың пәніне дербес талабын мәлімдейтін тұлғаның талабы бойынша оған талапкер де жауапкер де жауапкер болып келеді. Талапкер үшінші тұлғаның алдында жауап береді, себебі ол дауға салынған құқығын қорғауын талап етеді. Ал, жауапкер үшін бұлардың екеуі де талапкер болып танылады, себебі олардың талабы даудың пәнін тартып алу.

Үшінші тұлғаның қатысуын келесі кесте бойынша түсіндіруге болады:



Соттың істің қаралып жатқандығы туралы шақыртуына қарамай үшінші тұлға іске өз еркімен қатысатындығын айтып өткен жөн. Сол себепті іске қатысу жөніндегі сұрақты бұл тұлға дербес шешеді. Ол, сотта істі қарауға даярлау барысында, бірінші сатыдағы сотта істі қарау барысында, тек іс бойынша сот шешім шығармағанға дейін қатыса алады.

Үшінші тұлғаның іске қатысуының *негізі* ретінде оның талабының және талапкердің талабының даудың бір объектісіне бағытталуы.

Дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар жөнінде заңнама былай деп бекіткен «Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдеймейтін

⁷ Абова Т.Е. Соучастие в советском гражданском процессе: Автореф. дис.к.ю.н. – М., 1952.

⁸ Гражданский процесс оулық. Көрсетілген еңбек 72 б.

⁹ Баймолдина З.Х. көрсетілген еңбек. 157 б.

үшінші тұлғалар, егер іс тараптардың біреуіне қатысы өздерінің құқықтарына немесе міндеттеріне әсер етуі мүмкін болса, іс бойынша бірінші сатыдағы соттың шешімі шыққанға дейін талап қоюшы немесе жауапкер жағында іске кірісе алады» (ҚР АПК 53 б.). Осы нормаға сәйкес олар тиісті тараптардың талап қоюдың негіздемесі мен нысанасын өзгерту, талап қою талабының мөлшерін ұлғайту немесе азайту, сондай-ақ талап қоюдан бас тарту, талап қоюды мойындау не бітімгершілік келісімін жасау, қарсы талап қою, соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуды талап ету құқықтарынан басқа процессуалдық құқықтар мен міндеттерге иеленеді.

Олар тараптардың және іске қатысушы басқа адамдардың өтінімімен немесе соттың бастамасымен іске қатысуға тартылуы мүмкін.

Даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғаларға келесі белгілер тән:

1. олар белгілі бір материалдық-құқықтық қатынастардың тараптарының біреуі (талапкер немесе жауапкер) болуы мүмкін;
2. бұл қатынастар соттың қарауының пәні болмайды.
3. талапкер мен жауапкер арасындағы дау бойынша соттың шешімі осы тұлғалардың тараптардың біреуіне қатысты құқықтары мен міндеттеріне әсер беруі мүмкін.

ҚР АПК аталмыш нормасын келесі мысал негізінде көрсетуге болады:

Азаматша А. Заңды өкіл ретінде азамат Б-ға. екінші некеден туылған кәмелет жасқа толмаған ұл баланы асырап бағу үшін алиментті өндірту туралы талап қояды. Азамат Б. бірінші некеден туылған үш жастағы қызын асырап бағу үшін алимент төлеп жатыр. Көрсетілген тұлғалардың процессуалдық жағдайлары мынадай: ұл бала – талапкер, оның заңды мүддесін сотта заңды өкілі – шешесі қорғайды, азаматы Б. – жауапкер, қыз бала – үшінші тұлға, оның заңды мүддесін оның заңды өкілі қорғайды.


Бұл мысалда, үшінші тұлға тараптардың ешбіріне ешқандай талап қоймайтындығы анық. Үшінші тұлғаның процеске қатысуының немесе қатыстыруының негізі ретінде оның істің нәтижесіне белгілі бір қызығушылықтың болуы. Бұл қызығушылық келесіде, егер талапкердің талабы қанағаттандырылған жағдайда үшінші тұлғаға қатысты өндірілетін алимент мөлшері төмендейді.

Сөйтіп, даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғаларға келесі белгілер тән:

1. даудың пәніне дербес талаптың болмауы;
2. сотта істі қараудың және шешудің пәні болып табылатын құқы туралы дауға қатыспауы;
3. тараптар арасында құқы туралы дау бойынша жүргізіліп жатқан іске қатысуы немесе қатыстырылуы;
4. үшінші тұлға қай тарап жағында болса сонымен ғана белгілі бір материалдық-құқықтық байланыстың болуы;
5. өзінің мүдделерін қорғау, себебі іс бойынша қабылданылған шешім үшінші тұлғаның тараптардың біреуіне деген құқықтары мен міндеттеріне әсер беруі мүмкін.

Осыны қорытындылай келе *даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғаларға* келесі анықтама бере аламыз, – ол, өзінің жеке құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін талапкер немесе жауапкердің жағында болып процеске қатысатын тұлға.

Дербес талаптарды мәлімдейтін үшінші тұлғалармен олардың процеске қатысуын келесі кесте арқылы сипаттауымызға болады:



Үшінші тұлғаның процеске қатысуының (қатыстырылуына) негізіне мыналар жатады:

1. үшінші тұлға және тараптардың біреуімен сотпен қарастырылмайтын, не ешкіммен дауға салынбайтын материалдық құқықтық қатынастың болуы;
2. көрсетілген материалдық құқықтық қатынастардың тараптардың арасындағы даулы құқықтық қатынастармен өзара байланысы.

Даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғаларға келесі белгілер тән. Бұл белгілер олардың бірігіп қатысушылардан ажыратады:

1. құқы туралы даудың субъектісі болмайды;
2. талапкерге немесе жауапкерге шебір талапты мәлімдемейді;
3. істегі тараптың біреуімен ғана материалдық-құқықтық байланыста болады.

Сайып келе, даудың нысанасына дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлғалар процеске қатыса отыра өздерінің мүдделерін қорғайды, сол себептіде процеске дербес қатысушы болып танылады.

4. Прокурордың және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы органдардың азаматтық іс жүргізуге қатысуы

Прокуратура органдары 1922 жылы маусым айларында кеңес мемлекетінің органы ретінде құрылды. Оның құрылуы заңдылық режимін орнату, құқылық шексіздіктен шығу қажеттілігімен туындалды. Құқылық шексіздіктің болуы көптеген әркілі мекемелердің құрылуында көрініс тапты. Бұлар соттан тыс қарастыруларды, соттың қарастыруынсыз және тергеусіз ату жазасын жүзеге асырды. Прокуратура өзіне келесі принциптерді қамтыды: прокурорлық қадағалудың бірлігі және орталықтандырылуы; оның жергілікті атқару органдарына тәуелсіздігі және орталыққа ғана бағынуы. 1922 жылы прокурорлық қадағалау туралы Ереже қабылданды. Ол өз алдына кеңестік прокуратураның міндеттерін негіздеді:

- заңның дұрыс орындалуын қадағалауды жүзеге асыру;
- қылмыстылықпен күресуді дұрыс негіздеу.

1917 жылғы Октябрь революциясынан кейін 12 жыл аралығында сот прокуратураның қадағалауында болды. Осы жағдайдың болуының басты себебі азаматтық және қылмыстық істерді қарастыруда соттардың таптық жіктеуді нақты жүргізуді қамтамасыз ету. Сөйтіп 1930 жылдардан бастап прокурордың азаматтық істерге қатысуы соттарда азаматтық істерді қарастыруда заңдылықты қадағалауды жүзеге асыру деп танылды. Бұл 1990 жылға дейін болды.

1995 жылы күшін жойған 1992 жылдың 17 қаңтарындағы ҚР «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заңы соттарда істерді қарастыруда заңдардың орындалуын қадағалауды ескерген.

1980 жылдың соңы 1990 жылдың басында мемлекетіміздің және қоғамымыздың барлық салаларында қайта құру жүргізіле бастады. Сот өндірісіндегі прокурорлық қадағалау концепциясы сынға салына басталды. Құқылық мемлекетті құру міндеті және биліктің тәуелсіз сотты құру қажеттілігі мемлекет көлемінде толығымен прокуратураның рөлін және міндеттерін қайта қарауды негіздеді.

1994 жылдың 12 ақпанындағы ҚР-да құқылық қайта құрудың мемлекеттік бағдарламасыда жаңа қатынас көрініс тапты. Осы бағдарламада прокуратураның қайта құру алға қойылды: сотты прокуратура тарапынан бақылауды жою.

Прокуратура қызметінің басты бағыттары болып мыналар табылуы керек:

- істерді соттың талқылауға қатысу;
- мемлекеттің мүдделерін қорғау;
- сот актілерінің заңдылығын қадағалау.

1995 жылғы Конституцияда соттарда істерді қарастырудың заңдылығын прокуратура тарапынан қадағалауды алып тастау көзделді. Соттың қызметін қандай-да болмасын органдардың немесе лауазымды тұлғалардың қадағалауына жол берілмеді.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде прокурордың азаматтық іс жүргізудегі міндеттері.

Конституцияның 83-бабында былай деп бекітілген:

1. Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асырады.

2. Республика Прокуратурасы төменгі прокурорларды жоғары тұрған прокурорларға және Республика Бас Прокурорына бағындыра отырып, бірыңғай орталықтандырылған жүйе құрайды. Ол өз өкілеттігін басқа мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз жүзеге асырады және Республика Президентіне ғана есеп береді

3. Республиканың Бас Прокурорын өз өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды. Бас Прокурор өкілеттігінің мерзімі бес жыл.

Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу міндеттері, тәсілдері мен формалары ҚР «Прокуратура туралы» 21.12.1995 жылғы заңымен анықталады: Конституция мен заңдардың жоғарлығын қамтамасыз ету, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Конституцияның, заңдардың және ҚР Президентінің жарлықтарының және нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл және бір үлгіде қолданылуына жоғары қадағалауды жүргізе отырып, мемлекеттің атынан прокуратура: мемлекеттің мүддесін сотта қорғайды; ҚР Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық келтіреді (4 бап).

Прокурордың азаматтық істен айырмашылығы – прокурор іс бойынша шешім қабылдамайды.

Прокурор ҚР АПК-нің 44 бабында қарастырылғандай, іске қатысушы тұлғаға жатады. Процессуалдық жағдайы бойынша өзге іске қатысушы тұлғалардан айырмашылығы: прокурор азаматтық процесте мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында қатысады. Сондықтан да прокурорға берілген ҚР АПК-нің 55 бабындағы бекітілген құқықтардан басқа өзге тұлғаларға берілмеген құқықтарда қарастырылған:

- прокурор кез келген іс материалымен танысуға;
- іске қатыспай-ақ, оған наразылық келтіруге құқылы;
- азаматтық процестің кез келген сатысында, кезкелген іс бойынша қатысуға құқылы.

Кейбір азаматтық істердің түрлері бойынша прокурор міндетті түрде қорытынды беру үшін қатысуы тиіс (ерекше өндірістегі істер қаралғанда (азаматтарды әрекет қабілеттігі жоқ немесе шектеулі деп тану туралы істер),

бала тәрбиесіне қатысты даулар (бала асырап алу туралы, ата-аналық құқықтан айыру туралы істер бойынша), әкелікті анықтау туралы істер, материалдық зиянды өндіру туралы, апелляциялық, қадағалау тәртібінде сот актілері қайта қаралғанда, еңбектік және тұрғын үй қатынастарынан туындаған даулар).

Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу тәртібі мен оның процессуалдық құқықтарының көлемі оның іс жүргізудің қай сатысында түсінуіне қарай және іске қатысу формасына байланысты болады.

Заң прокурордың азаматтық процеске қатысуының формалары:

1. азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы бойынша талап арыз, арыз қою жолымен процеске қатысуға құқылы;

2. прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін процеске қатысуға құқылы.

Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау туралы, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, тек мүдделі адамның өтінішімен ғана прокурор *талап қоя* алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін талап қоя алады (ҚР АДЖК-нің 55 б.).

Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатыса алады:

- қолданыстағы заңдар бойынша, прокурор азаматтық іс жүргізуде қорытынды беру үшін;

- прокурордың қатысу қажеттілігі сотпен танылғанда;

- ҚР Бас Прокуроры немесе жоғарғы тұрған прокурор нақты істің қаралуына прокурордың қатысу қажеттігі туралы нұсқау береді¹⁰.

Прокурор сотағы жарыссөзден кейін, сот кеңесу бөлмесіне кетер алдында істің негізі бойынша қорытынды береді. Прокурор өз қорытындысында талапкердің талабына және жауапкердің қарсылығына қатысты заңды талдау береді.

Істі сотта қарау барысында прокурор заңдардың орындалуына, процеске қатысушылардың әрекеттерінің құқыққа сәйкес болуына бақылау жасайды.

Прокурордың қорытындысы 3 бөлімнен тұрады:

1. кіріспе (азаматтық істің қоғамдық маңызы, даулы материалдық құқықтық қатынасын құқықтық саралау);

2. негізгі бөлім (дәлелдемелерге талдау жүргізу және баға беру);

3. қорытынды (талапты қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы; жеке ұйғарым шығару қажетпе, шешімді дереу орындауға жіберу қажет пе деген мәселелер туралы).

Басқа тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін прокурордың, мемлекеттік органдар мен

¹⁰Аргунов В.Н. Участие в гражданском процессе. – М., 1991 . – 113 б.

жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтық іс жүргізуге қатысуының негіздері мен мақсаттары.

ҚР АПК 56 и 57 бабтары азаматтық процесте өз бағыттарымен, құзіреттілігімен және толықтай құқылық жағдайымен ерекшеленетін тұлғалардың қатысуын негіздейді. Оларға азаматтық іске қатыстырылатын мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, ұйымдары, сонымен қатар жеке бір азаматтар жатады.

Оларға іске қатысушы тұлғаларға қатысты белгілір тән болып келеді және ҚР АПК 47 бабында көрсетілген процессуалдық құқықтарға және процессуалдық міндеттерге иемдене алады.

Процеске олардың қатысуының негізі ретінде мемлекеттік (қызметтік) немесе қоғамдық қызығушылық табылады. Осы қызығушылық азаматтардың құқылары мен мүдделерін қорғаудан немесе қоғамдық не мемлекеттік мүдделерді қорғау қажеттілігінен туындаған мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, азаматтардың, құзіреттерінен шығады. Мысалға, облыстық мәдениет басқармасы кинотеатр ғимаратын мақсатына сай пайдаланбаған арендаторларды осы ғимараттан шығару туралы талап арыз бере алады; тұтынушылардың құқыларын қорғаушы қоғам сатып алушының құқығын бұзған сатушыға қатысты сотқа жолдана алады және т.б.. Сол себепті процеске жоғарыдағы тұлғалардың қатысуы келесі жайттармен негізделеді: олар өздеріне заңмен жүктелген міндеттеріне орай басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғайды, осыған орай оларда істің нәтижесіне жетуде тек процессуалдық-құқық қызығушылық бар.

Осы тұлғалардың азаматтық істерге қатысуының мақсаттары ретінде мыналар танылады:

1. азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әсіресе әлеуметтік бағыттылық пен ерекше мәнділік сипаттылығы болуы тиіс (мысалға, кәмілетке толмаған тұлғалардың мүдделерін қорғау, қоршаған ортаны қорғау және т.б.). Нақты тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғай отыра олар қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғайды;

2. белгілі бір себептерге (жасына орай, ден-саулығына байланысты) байланысты өз құқықтары мен мүдделерін қорғай алмайтын азаматтардың сотта қорғану құқығына қол жеткізуді жүзеге асыру. Осы мүмкіндік белгілі бір топтағы азаматтарға сотта қорғану құқығына қосымша кепілдік ретінде қарастырылады.

3. істің нақты мәнін анықтауда және азаматтық-құқықтық дауларды дұрыс шешу бойынша сотқа көмек көрсету.

Заңға сәйкес осы тұлғалардың азаматтық процеске қатысуының екі нысаны көзделген. Біріншіден, басқа тұлғалардың, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау бойынша сотқа жолдану, былай айытқанда, басқалардың құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін қорғау бойынша азаматтық істерді қозғау. Екіншіден басқа тұлғалардың бастамасымен қозғалған процеске іс бойынша қорытынды беру үшін қатысу.

Азаматтық процессуалдық заңнамамен ескерілген процеске қатысудың *бірінші нысаны дегеніміз* – бұл, басқа тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында азаматтық істі қозғау. Бұлар негізінде беглісіз тұлғалардың құқылары мен мүдделерін қорғаудағы талаптар. М.С.Шакарянның¹¹ пайымдауы бойынша бұлардың табиғаты әлі зерттелуге тиіс.

ҚР АПК 56 бабында бекітілген тәртіп бойынша азаматтық істі қозғауға заңда ескерілген жағдайларда ғана жол беріледі. ҚР АПК басқа тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамдық пен мемлеттік мүдделерді қорғау үшін талап беру жағдайларының тізімін қамтымаған. Бірақта осындай нұсқамалар материалдық (азаматтық, отбасылық, тұрғын үйлік және т.б.) құқылардың нормаларында қамтылған.

Мысалға, қоршаған ортаға келтірілген шығынды өндіру істері бойынша талапкер ретінде қоршаған ортаны қорғау құзіретін атқаратын мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері бола алады. Қоғамдық бірлестіктер және азаматтар Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға және адамның денсаулығына кері ықпал жасап отырған заңды және жеке тұлғалардың шаруашылық не басқа да қызметтерін тоқтату туралы сотқа жолдана алады.

Құрылтай мақсаттарын жүзеге асыруда қоғамдық бірлестіктер қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген тәртіп бойынша өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғай алады...¹²

«Неке және отбасы туралы» Кодексінің 68 бабына сәйкес ата-аналық құқықтан айыру істері ата-аналарының біреуінің, кәмілетке толмаған балалардың құқытарын қорғау міндеттері жүктелген органдар немесе ұйымдар (қорғаушы және қамқоршы органдар және т.б.) арызы бойынша қарастырылады¹³.

Сонымен бірге, қорғаушы және қамқоршы органдар келесі істер бойынша сотқа талап арыздарымен жолдана алады:

1. некені жарамсыз деп тану туралы
2. ата-ана құқытарынан айыру бойынша
3. ата-ана құқықтарын шектеу бойынша
4. асырап-алуды жарамсыз деп тану бойынша
5. баланы асырап алуды тоқтату
6. азаматты хабар-ошарсыз деп тану немесе өлді деп жариялау бойынша
7. азаматтың әрекет қабілеттілігі шектелген деп немес әрекетке қабілетсіз деп тану бойынша
8. азаматты әрекетке қабілетті деп тану

Жоғарыда көрсетілген құқықтарды мемлекеттік органдармен сот органдарына талап беру арқылы жолану келесі жағдайларда ғана жол беріледі:

¹¹Шакарян М.С. Участие в советском гражданском процессе органов государственного управления. – М.:ВЮЗИ, 1978.

¹²ҚР ЖС пленумының №4 “балаларды тәрбиелеумен байланысты дауларды шешуде заңнаманы соттармен қолдануы туралы” 28.04.2000ж. қаулысы..

¹³ҚР ЖС пленумының №4 “балаларды тәрбиелеумен байланысты дауларды шешуде заңнаманы соттармен қолдануы туралы” 28.04.2000ж. қаулысы...

1. Мәміленің нысанына, мазмұнына және қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған жағдайда мүдделі адамдардың, тиісті мемлекеттік органның не прокурордың талабы бойынша мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін (ҚР АПК 157 б. 1т.);

2. Жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы (ҚР АПК 314 б. 2.).

Келесі істер бойынша басқа тұлғалардың мүдделеріне қатысты ұқсас әрекеттерді белгілі бір азаматтар жасай алады:

1. Сайлау құқықтарын қорғау туралы (ҚР АПК 272 б.);

2. Азаматтың әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп тану туралы (ҚР АПК 302 б.);

3. Ата-ана құқықтарын шектеу туралы (НОТК 71 б. 3 т.).

Бөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған адамдар, бітімгершілік келісім жасау құқығынан басқа, талап қоюшының барлық іс жүргізу құқықтарын пайдаланады және барлық іс жүргізу міндеттерін мойнына алады (ҚР АПК 56 б. 2 т.). Оларға қарсы талап қоюға болмайды, себебі олар құқы туралы дауда тарап болып табылмайды.

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, ұйымдардың және жеке азаматтардың талап қоюдан бас тартуы мүдделеріне сай іс қозғалған адамды істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды. Егер мүдделеріне сай іс қозғалған адам мәлімделген талапты қолдамаса, үшінші тұлғалардың құқықтарына қысым жасалмаса, сот талап қоюды қараусыз қалдырады (ҚР АПК 56 б. 2 т.).

Азаматтық іс жүргізуге мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының іс бойынша қорытынды беру үшін қатысуы.

Азаматтық процеске қатысудың екінші нысаны болып – мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін өзі басқару органдарының басталған іске қорытынды беру үшін қатысуы. Осы органдардың процеске қатысуларының мақсаты болып өздеріне жүктелген міндеттерді атқару және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау табылады.

Осы қатысу нысаны ҚР АПК 57 бабында «Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін өзі басқару органдарының іс бойынша қорытынды беру үшін процеске қатысуы» бекітілген. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін өзі басқару органдары келесі нормативтік негіздерге сүйене отыра:

- өз бастамашылығы бойынша;
- іске қатысушы тұлғалардың бастамашылығы бойынша;
- соттың бастамашылығы бойынша процеске қатысады.

Қорытынды берумен қатысатын органдардың ішінде жиі қатысатыны қорғаншы және қамқоршы органдар. Осы органдар келесі істер бойынша қатысады:

1. баланы тәрбиелеу даулары бойынша;
2. ата-аналық құқықтарынан айыру бойынша;
3. ата-аналық құқықтарын шектеу жөніндегі;

4. баланы ата-аналарынан алып қою және оны басқа тұлғаға беру жөніндегі;

5. балаларды асырап алу жөніндегі

6. баланы асырап-алуды жарамсыз деп тану туралы;

7. баланы асырап-алуды тоқтату туралы;

8. некелік жасқа толмаған, сонымен бірге сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылған тұлғамен жасалған некені жарамсыз деп тану туралы және т.б.

Кей жағдайларда келесі мемлекеттік органдар сотқа қорытынды беру мақсатында қатысуы мүмкін:

1. жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үйлік органдар.

2. халыққа әлеуметтік көмек көрсету органдары.

Қорытынды беру құзіреттіліктері бар мемлекеттік органдар және жергілікті өзін өзі басқару органдары іске қатысушылардың құрамына кіреді, сол себепті де ҚР АПК 47 бабында ескерілген құқықтар мен міндеттер оларға да қатысты болып келеді. Оларға мыналар жатады:

- іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге;

- қарсылықтарын мәлімдеуге;

- дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға;

- іске қатысушы басқа адамдарға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға;

- өтініш жасауға, соның ішінде қосымша дәлелдеме талап ету туралы өтініш жасауға;

- сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге;

- іске қатысушы басқа тұлғалардың өтінімдері мен дәлелдеріне қарсылық білдіруге;

- сот жарыссөздеріне қатысуға;

- сот отырысының хаттамаларымен танысуға және оған жазбаша ескетпелер беруге;

- соттың шешімі мен ұйғарымына шағымдануға;

- азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдарда берілген басқа іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқығы.

Мемлекеттік органың және жергілікті өзін өзі басқару органдарының қорытынды беру үшін қатысуының сарапшы мен маманның қатысуынан айырмашылығы:

1. Мемлекеттік органдар және жергілікті өзінөзі басқару органдары істің бітуінде заңгерлік (процессуалдық-құқықтық) мүдесі бар. Бұлар оларға жүктелген міндеттермен белгіленген. Осы міндеттер олардың құзіретіліктерімен негізделген. Ал сарапшылар мен мамандардың іске деген ешбір мүдделері жоқ. Сарапшы мен маманның іске деген мүддесінің болуы оларды қатыстырмауға негіз болып танылады (ҚР АПК 41 б.).

2. Мемлекеттік органың және жергілікті өзін өзі басқару органдарының процеске қатысуы заңмен негізделген, ал сарапшы мен маманның қатысуы істің

нақты мән-жайына байланысты болып келеді. Осыған орай, сарапшы мен маман азаматтық іс жүргізудің қандайда болмасын сатысына қатыса алады.

3. Мемлекеттік органдар және жергілікті өзін өзі басқару органдары өз қорытындыларында өз құзіретінің шегінде баға береді және ол қалай шешілуі бойынша пікір береді. Сарапшы соттың қойған сұрағы бойынша қорытынды береді, ал маман кеңес беру үшін және ғылыми-техникалық құралдарды қолдануда көмек көрсету үшін қатысады.

Мемлекеттік органың және жергілікті өзін өзі басқару органдарының қорытынды беру үшін қатысуның прокурордың қатысуынан айырмашылығы:

1. Мемлекеттік орган және жергілікті өзін өзі басқару органы заңмен көрсетілген жағдайларда соның шегінде ғана қатыса алады, ал прокурор көрсетілген тәртіпті сақтай отыра, қандай-да болмасын азаматтық іске қатыса алады.

2. Мемлекеттік органның және жергілікті өзін өзі басқару органының қорытындысы олардың мамандық құзіреттілік шегінде ғана болады, ал прокурордың қорытындысында құқы сұрақтары мен оқиғаның мән-жайы қамтылады.

Қорытынды

Сонымен қорыта келгенде, субъектілер, яғни азаматтық іс жүргізу құқығы азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарына қатысатын немесе қатыса алатын адамдар үш топқа бөлінеді.

1. Сот төрелігін жүзеге асыратын адамдар. Сот процестің ерекше қатысушысы болып табылады, себебі арнайы құрылған мемлекеттік билік органы ретінде сот төрелігін жүзеге асырады. Сотқа азаматтық процестің анық сатыларында басшылық рөл берілген. Іске қатысушы тұлғалар судьяға қарсылық білдірулері мүмкін, мұндай жағдайда судья ауыстырылып, істі басқа судья қарайды. Сот отырысының хатшысы азаматтық істерді қарау барысында сот отырысының хаттамасын жасайды және сот отырысына төрағалық етушінің басқа да тапсырмаларын орындайды. Сот отырысының хатшысы сотқа іс бойынша шақырылған адамдардың қайсысының келгенін, келмей қалған адамдарға хабарланғандығы туралы және олардың келмей қалуының қандай себептері бар екендігін хабарлайды.

Сот приставы — төмендегідей міндеттерді атқаратын адам: сот отырысы кезінде залдағы қоғамдық тәртіпті қадағалайды, сотқа іс жүргізу әрекеттерін орындауды жәрдемдеседі, сот ғимаратын, судьяларды және процестің басқа қатысушыларын қорғауды қамтамасыз етеді, соттың және басқа органдардың атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындалатын сот орындаушыларына көмек көрсетеді.

Сот орындаушысы — бұл мемлекеттік қызметтегі және заңмен жүктелген соттың және басқа органдардың актілерін орындау жөніндегі міндеттерді атқаратын лауазымды тұлға.

2. Іске қатысушы адамдар – тараптар; даудың нысанасына дербес талаптарын мілімдемейтін үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар; процеске қатысатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар; ерекше өндіріс тәртібінде сотта қаралатын істер бойынша өтініш берушілер және басқа да мүдделі адамдар. Іске қатушы адамдар өздеріне тиесілі барлық іс жүргізу құқықтарын адал пайдалануы тиіс. Осы тұлғалар іс жүргізу құқықтарын орындамаған жағдайда заңдарда азаматтық сот ісін жүргізу туралы қарастырылған салдарлар туындайды.

Іске қатысушы барлық адамдар екі шағын топқа бөлінеді: 1) өз құқықтары мен мүдделерін қорғайтын адамдар. Оларға; үшінші тұлғалар, яғни, ерекше өндіріс істері бойынша өтініш берушілер мен мүдделі тұлғалар кіреді, 2) мемлекеттік, қоғамдық мүдделерді не жеке адамдар мүдделері мен құқықтарын қорғайтын адамдар. Олар прокурор, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар.

3. Сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін адамдар. Бұл топқа куәгерлер, сарапшылар, аудармашылар, мамандар, мүлікті сақтаушылар және басқалары кіреді. Мұндай адамдарда азаматтық іске заңды мүдделілік болмайды. Олардың азаматтық процестегі рөлі қосалқы-қызметтік болып табылады, олар сотқа істің нақтылы мән-жайларын анықтауға, оны дұрыс шешуге жәрдемдеседі және нақты әрекеттерді жүзеге асыруға көмектеседі, тап осындай көмекті олар іске қатысушы басқа да адамдарға көрсетеді.

Пайдаланылған нормативтік-құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процесілік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (2016.04.21. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық Заңы. 2000 ж. 25.12. (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
4. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21.12. Заңы. (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
5. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы. (2016.29.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
6. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтық процесілік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысы. 20.03.2003 ж. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Жалпы бөлім. 2008.
2. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Ерекше бөлім. 2008.
3. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. –Қарағанды: Болашақ-Баспа,2003ж.
4. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Оқулық. Алматы: ҚазМЗА, 2001 ж.
5. Гражданский процесс. М.К.Треушникованың редакциясында. Оқулық – М.,2000.
6. Вихут М.А., Зайцев И.М. Гражданский процесс России: Оқулық. – М.: Юристъ, 1999.
7. Гражданский процесс. Оқулық / В.А. Мусинаның, Н.А.Чечинаның, Д.М.Чечотаның редакциясында. – М.: ТОО «Фирма ГАРДАРИКА», 1996.
8. Гражданское процессуальное право России: Оқулық / М.С.Шакарянның редакциясында. – М.: Былина, 1999.
9. Гражданское процессуальное право России: Оқулық / М.С.Шакарянның редакциясында. – М.: Юрист, 2002.
10. Лапин Б. О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан (анализ закона). //Правовая реформа в Казахстане.№4, 2001.